



«БЕКІТЕМІН»
«ОҚМА» АҚ ректоры
М.Рысбеков
2024 ж.

«СЕНІМ ЖӘШІГІ» ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Е 279-2024

Күні	Көшірме	Басылым
		Екінші

Шымкент қ.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Комплаенс офицер «Сенім жәшігі» туралы Ереже		Е 279-2024 2-ші басылым 7 беттің 2 беті

1. «ОҚМА» АҚ комплаенс офицері әзірлеп, қолданысқа енгізді.

«05» 03 2024 ж.

2. «ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңестің шешімімен келісілді


Хаттама № 4 «11» 03 2024 ж.

Кезеңдік тексеру мерзімі – 3 жыл

OÑTÚSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Комплаенс офицер	Е 279-2024
«Сенім жәшігі» туралы Ереже	2-ші басылым 7 беттің 3 беті

МАЗМҰНЫ

1	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	4
2	НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	4
3	«СЕНІМ ЖӘШІГІ» ҚЫЗМЕТІНІҢ МІНДЕТТЕРІ	5
4	«СЕНІМ ЖӘШІГІ» ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ.....	5
5	ӨТІНІШТЕРДІ ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛУ	6
6	ЖАУАПКЕРШІЛІК	7

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Комплаенс офицер	Е 279-2024	
«Сенім жәшігі» туралы Ереже	2-ші басылым 7 беттің 4 беті	

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Ереже «Оңтүстік Қазақстан Медициналық Академиясы» АҚ-ның (әрі қарай «ОҚМА» АҚ) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі "Сенім жәшігінің" жұмыс істеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оған келіп түскен хабарламаларды, анонимды хабарламаларды қабылдау, тіркеу және есепке алу тәртібін белгілейді.

Осы Ереже «ОҚМА» АҚ студенттерінің, ата-аналардың және қызметкерлерінің жазбаша өтініштері үшін "сенім жәшігінің" жұмыс істеу тәртібін белгілейтін «ОҚМА» АҚ жергілікті нормативтік-құқықтық актісі болып табылады.

Осы ереже Білім «ОҚМА» АҚ жұмысы туралы объективті ақпарат алу, білім алушылармен, ата-аналармен және қызметкерлерімен тиімді өзара іс-қимылды ұйымдастыру мақсатында, сондай-ақ «ОҚМА» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үшін әзірленді.

"Сенім жәшігіне" түскен азаматтардың хабарламаларымен жұмысы, Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «ОҚМА» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы Саясатына, жоғары оқу орындарының сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды әзірлеуі және қабылдауы бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім және министрлігінің әдістемелік ұсынымдарының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР


«ОҚМА» АҚ білім алушылары, ата-аналарының және қызметкерлерінің жазбаша өтініштеріне арналған "Сенім жәшігі" туралы осы Ереже келесі негіздер бойынша әзірленді:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 жылғы (2019.23.03 берілген өзгерістер мен толықтыруларымен);

- Қазақстан Республикасының Заңы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 18 қараша 2015 жылғы № 410-V (2020.19.12 берілген өзгерістер мен толықтыруларымен);

- Қазақстан Республикасының «Қылмыстық Кодексі» 3 шілде 2014 жылғы № 226-V (2020.12.30. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен);

- Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі» 5 шілде 2014 жылғы № 235-V (2021.03.20. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен);

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Комплаенс офицер	Е 279-2024	
«Сенім жәшігі» туралы Ереже	2-ші басылым 7 беттің 5 беті	

- «СТ РК 3049-2017. Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджментінің жүйесі. Талаптар және қолдану бойынша нұсқаулар» ұлттық стандарты («ISO 37001:2016. Парақорлықпен күрес менеджменті жүйесі» халықаралық стандарты).

3. "СЕНІМ ЖӘШІГІ" ҚЫЗМЕТІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

"Сенім жәшігі" қызметінің негізгі міндеттері:

- «ОҚМА» АҚ оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру бойынша ұсыныстарды, сондай-ақ білім алушылар мен қызметкерлердің құқықтары бойынша сұрақтарды қамтитын жазбаша өтініштерін жедел қабылдауды, есепке алуды және қарауды қамтамасыз ету;

- "Сенім жәшігі" арқылы келіп түскен өтініштерді талдау, негізделген шағымдарды туғызатын себептерді жою мақсатында оларды қорыту;

- Білім алушының, ата-ананың, «ОҚМА» АҚ қызметкерінің шағымына, өтінішіне жедел әрекет ету және олардың мәселелерін шешу;

- «ОҚМА» АҚ қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың және әдеп нормаларын бұзуды алдын алу және жолын кесу.

4. "СЕНІМ ЖӘШІГІ" ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

"Сенім жәшігі" жұмыс істеуі және жұмыс тәртібі туралы ақпарат «ОҚМА» АҚ ukma.kz ресми сайтында орналастыру арқылы жарияланады.

"Сенім жәшігі" «ОҚМА» АҚ оқу корпусстардың кіреберістерінде орнатылған.


«ОҚМА» АҚ комплаенс офицері "Сенім жәшігі" бойынша жауапты тұлға болып саналады.

"Сенім жәшігіне" түскен өтініштерге, хабарлама берген тұлғаның барлық байланыс деректері көрсетіле отырып, қол қойылуы да, анонимдік те болуы мүмкін.

"Сенім жәшігіне" қол жеткізу жұмыс уақытында сағат 10:00-ден 17:00-ге дейін жүзеге асырылады.

"Сенім жәшігінен" өтініштерді алуды «ОҚМА» АҚ «Әлеуметтік және жастар саясаты» бөлімінің өкілі, комплаенс офицер және студенттік ректор акті түзу арқылы жүзеге асырады.

"Сенім жәшігінен" өтініштерді алғаннан кейін «ОҚМА» АҚ комплаенс офицер әдеп Кеңесінің қарауына ұсынады.

OÑTÚSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Комплаенс офицер	Е 279-2024	
«Сенім жәшігі» туралы Ереже	2-ші басылым 7 беттің 6 беті	

5. ӨТІНІШТЕРДІ ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛУ

"Сенім жәшігіне" келіп түскен өтініштерді есепке алу және тіркеу өтініштерді есепке алу журналын (бұдан әрі - журнал) жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Журналды "Сенім жәшігі" бойынша жауапты тұлға жүргізеді.

Журналда мынадай деректемелер болуы тиіс:

- а) өтініштің реттік нөмірі;
- б) "Сенім жәшігінен" өтінішті алу (қабылдау) күні;
- в) өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты, қызметкердің лауазымы, студенттің тобы және байланыс деректері (егер ақпарат болса), анонимдік өтініш келіп түскен жағдайда "аноним" белгісі қойылады;


6. ЖАУАПКЕРШІЛІК

"Сенім жәшігінің" кілті және өтініштерді тіркеу журналы "Сенім жәшігі" бойынша жауапты тұлғаға бекітіледі.


"Сенім жәшігі" арқылы алынған ақпаратпен жұмыс істейтін лауазымды тұлғалар алынған мәліметтердің құпиялылығын сақтауға дербес жауапты болады.

Азаматтардың "Сенім жәшігі" арқылы алынған ақпаратпен байланысты белгілі болған азаматтардың дербес деректері мен жеке өмірі туралы ақпаратты олардың келісімінсіз пайдалануға және таратуға жол берілмейді.



Әзірлеген:

Қызметі	Аты-жөні	Күні	Қолы
Комплаенс офицер	Пернебаев Н.А.	05.03.2024	

Тексерген:

Қызметі	Аты-жөні	Күні	Қолы
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Ержанов Н.А.	06.03.2024	

Келісілген:

Лауазымы	Аты жөні	Күні	Қолы
Бірінші проректор	Есіркепов М.М.	06.03.2024	
Қаржы және шаруашылық жұмыстар бойынша проректор	Сейтжанова Ж.С.	06.03.2024	
Оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор	Анартаева М.У.	07.03.2024	
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	Кабиштаев О.А.	07.03.2024	
Кадрлық қызметі бөлімінің меңгерушісі	Елеусизова Г.Л.	07.03.2024	